

КАЗАХСТАН ПРИВЕТСТВУЕТ СОТРУДНИЧЕСТВО С ФИНСКОЙ КОМПАНИЕЙ NURMINEN LOGISTICS SERVICES. МЫ ГОТОВЫ РАЗВИВАТЬ ДВУСТОРОННЕЕ ПАРТНЕРСТВО ПО РАЗВИТИЮ ЛОГИСТИЧЕСКИХ ЦЕПОЧЕК И ГРУЗОПЕРЕВОЗОК ИЗ ФИНЛЯНДИИ В КИТАЙ И ОБРАТНО ЧЕРЕЗ КАЗАХСТАНСКИЕ ПОГРАНИЧНЫЕ ПЕРЕХОДЫ. АО «KTZ EXPRESS» СОВМЕСТНО С NURMINEN LOGISTICS SERVICES ОСУЩЕСТВЛЯЕТ КОНТЕЙНЕРНЫЕ ПЕРЕВОЗКИ СБОРНЫХ ГРУЗОВ ПО МАРШРУТУ ХЕЛЬСИНКИ – ВАЙНАККАЛА, БУСЛОВСКАЯ – КАНИСАЙ, ИЛЕЦК – ДОСТЫК/АЛАШАНЬКОУ – ХЭФЭЙ.



Бейбут АТАМКУЛОВ,  
министр индустрии и инфраструктурного развития РК



№35 (2643)  
18/05/2021

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

## ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



## КӨПІРЛЕР КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУДЕН ӨТЕДІ

Үстіміздегі жылы «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы 14 темір жол көпірін жөндеуден өткізуді жоспарлап отыр. 2021 жылдың аяғына дейін Алматы, Батыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Қарағанды облыстарында теміржол көпірлері жөнделеді. Атап айтқанда, Ақтоғай-Алматы-1, Арыс-Шымкент, Защита-Зырян, Түлкібас-Жамбыл, Тақибай-Жаңа-Семей учаскелеріндегі жасанды құрылымдарға күрделі жөндеу жүргізілмек.

Сұлугүл БАКЕСОВА,  
Нұр-Сұлтан

Сонымен қатар, 2021 жылы Орал өзені арқылы өтетін ұзындығы 728 метрлік Желаево-Пойма учаскесіндегі 1917 жылы салынған үлкен көпірге де жөндеу жұмыстары басталмақ.

Жалпы «ҚТЖ» ҰК» АҚ желісінде 3500-ден астам көпір бар. Өткен жылы бір көпір жөндеуден өткен. Ал биыл жөнделетін көпір саны бірнеше есеге артып отыр.

«Теміржолдағы көпірлердің көбісі өткен ғасырдың басында, ортасында, қала берді соңында салынған. Жөндеу жұмыстарын кім жүргізеді деген мәселеге келсек, алдымен Компанияның Сатып алулар департаменті байқау жариялап, өзінің шарттары мен

ұсынылатын бағаны жариялайды. Осы шарттар талабының үдесінен шыққан кәсіпорын жеңімпаз деп танылып, сәйкесінше олармен келісімшарт жасалады. Біз осы жөндеу жұмыстарын бақылап, біткен соң қабылдап аламыз. Әрине, техникалық қадағалаушы орган көпірлерге жөндеу жүргізу барысында қолданылатын құрылыс материалдарының сапасын, жүргізіліп жатқан жөндеу жұмыстарының технологиясының сақталуын, яғни бәрін-бәрін қадағалайтын болады. Әрине, көпір жөндеу ісінде тәжірибесі мол кәсіпорындар жеткілікті. Байқау ашық өтеді және оған осы салада маманданған және қызығушылық танытқан кез келген заңды тұлға қатыса алады. Біз тек тапсырыс беруші және қабылдаушы тарап ретінде рөл атқаратын боламыз. Жалпы, көпірлер арқылы тек жолаушылар

пойыздары ғана емес, салмағы бірнеше есе ауыр жүк құрамдарының да өтетінін ескерсек, жасанды құрылымдардың техникалық жағдайы қашанда талапқа сай болу қажет», – деп ақпарат берді Жол және құрылыстар департаментіне қарасты Жасанды құрылымдарды жөндеу бөлімінің бастығы Ардақ Төлеуғалиев.

Жалпы Ұлттық компания Өндірістік бағдарлама шеңберінде теміржол инфрақұрылымының негізгі қорларын жаңартуға, қозғалыс қауіпсіздігі деңгейін көтеруге және жолаушылар мен жүк пойыздарының жылдамдығын арттыруға бағытталған шараларды жүзеге асыруды жалғастырып келеді. Соның жарқын көрінісі ретінде, биыл қолға алынып отырған, көптен бері жаңартылмаған теміржол көпірлерінің күрделі жөндеуін айтар едік.

## ҚАЙТА ЖАНДАНУДА



Қазақстан мен Латвия байырғы іскерлік көліктік байланысын қайта жандандыруда. Соңғы жылдары екіжақты мемлекетаралық жұмыс тобы тиімді жұмыстар атқарды.

ҚР ИИДМ, Латвияның жол қатынастары министрлігі және Қазақстандағы осы елдің елшілігі, ҚТЖ және «Latvijas dzelzceļš» қолдауымен жасалған жұмыстар екі елдің арасындағы жүк жеткізудің логистикалық тізбегін кеңейтіп, жүк ағынын ұлғайтуға септік етті. Қазіргі көліктік жобалар кезінде карантин кезеңіндегі өсім жайлы да сөз қозғайтын уақыт жетті. Осы жылдың алғашқы жартысы біткенге дейін мемлекеттік реттеушілер, Қазақстан мен Латвияның көлік қауымдастықтары өкілдерінің қатысуымен екіжақты онлайн-форум өткізіп, сол кезде де осы тақырыптар көтерілмек. Ресейдің Балтық жағалауы порттарына қатысты саяси-экономикалық шешімдері Латвияны жаңа клиенттер іздеуде жүк ағынын әртараптандыру қызықтыратыны сөзсіз. Ал бұл қазақстандық кәсіпкерлер үшін Еуропа нарығына тиімді жағдайда шығуға мүмкіндік береді.

Ұлан ОРАЗ

## СТАТИСТИКА УМЕНЬШЕНИЯ



За четыре месяца с начала года в Казахстане всеми видами транспорта перевезено 1 076 664,95 тысячи тонн грузов, багажа и грузобагажа.

По сравнению с аналогичным периодом прошлого года этот показатель снизился на 2,2%. Общій грузооборот за январь-апрель стал меньше на 1,5% по отношению к 2020 году и составил 179 515,28 миллиона тонно-километров.

Значительно снизились перевозки пассажиров всеми видами транспорта и пассажирооборот. Так, за четыре месяца с начала 2021 года перевезено 1 803 187,94 тысячи человек, что на 67,8% меньше, чем за аналогичный период прошлого года. Пассажирооборот составил 26 637,7 миллиона пассажиро-километров, это на 60% меньше, чем годом ранее, сообщили в пресс-службе Союза транспортников Казахстана «KAZLOGISTICS».

Роман ЛЮБИМОВ, Нур-Султан

## Перевозки

### ТРАНЗИТ ПОШЕЛ В РОСТ

За 4 месяца общий объем транзита через территорию Казахстана составил 7,3 миллиона тонн, что на 4,1% больше, чем за аналогичный период прошлого года. Общій объем контейнерных перевозок достиг 337,5 тысячи ДФЭ, что на 52% больше, чем за соответствующий период 2020 года.

Транзит в направлении Китай – Европа – Китай за 4 месяца составил 22,1 тысячи ДФЭ, что на 82% больше, чем за аналогичный период прошлого года.

За январь-апрель 2021 транзит железнодорожным транспортом составил 6,6 миллиона тонн, что на 1,1%

больше, чем за аналогичный период прошлого года. Транзит автотранспортом составил 0,7 миллиона тонн, это на 37% больше, чем годом ранее.

Асель ШАЙХЫНОВА,  
Нур-Султан

## Итоги

### К ПОЖАРАМ – ВО ВСЕОРУЖИИ

В первом квартале 2021 года по АО «НК «Қазақстан темір жолы» зарегистрировано 10 пожаров. За этот период огнеборцы компании спасли материальные ценности на сумму свыше 300 миллионов тенге.

Любовь РОВБА,  
Нур-Султан

Чуть менее половины случаев пожаров – 4 из 10 – произошли на локомотивах, по два (20%) – в грузовых вагонах и зданиях, по одному (10%) – на автомашине и в служебном вагоне.

Рост случаев возгораний по отношению к аналогичному периоду прошлого года отмечается по Костанайскому отделению ГП – 3 против 2 в первом квартале 2020-го. Два пожара произошли в Павлодарском регионе, тогда как в начале минувшего года там не было зафиксировано ни одного. Незначительно ухудшилась статистика по Атыраускому, Мангистаускому и Уральскому регионам – с нуля случаев в первом квартале прошлого года до одного пожара в нынешнем.

В половине случаев ответственность за пожар лежала на сторонних организациях – три из них допущены на локомотивах и два на вагонах с углем и серой. В одном

случае железнодорожники пришли на помощь подразделениям МЧС РФ – пожарный поезд станции Илецк участвовал в тушении огня в жилом доме на станции Цивлинг Илецкого железнодорожного участка.

Что касается причин возгораний, 40% стали следствием короткого замыкания, 20%, или два случая, произошло из-за самовозгорания груза по причине нарушения правил погрузки, 10%, или по одному случаю, пришлось на взрыв аккумуляторной батареи, попадание постороннего источника огня, искры из выхлопной трубы на ветошь, нарушение эксплуатации электрооборудования.

С целью профилактики пожаров в течение этого периода произведено свыше 11 тысяч пожарно-технических обследований, в ходе которых на объектах ҚТЖ и ее дочерних организаций выявлено более 5,7 тысячи нарушений пожарной безопасности.

Стоит отметить, что в зависимости

от эпидемиологической обстановки в регионально ограничено количество пожарно-технических обследований стационарных объектов и подвижного состава. Однако, несмотря на уменьшение числа проверок, рост нарушений пожарной безопасности остается на высоком уровне. Так, вдвое больше по отношению к аналогичному периоду минувшего года их стало в служебно-технических вагонах, а также в части наличия горючего мусора и сухостоя на территории предприятий и станционных путях. Кроме того, на 23% выросли нарушения, связанные с отсутствием первичных средств пожаротушения, на 17% – с неисправностью систем пожарной сигнализации, на 12% увеличилось количество нарушений противопожарного режима и на спецподвижном составе.

От общего количества нарушений по компании 48% приходится на грузовые перевозки, 40% – на Дирекцию магистральной сети, 7% – на пассажирские

перевозки и 4% – на дочерние организации. К дисциплинарной ответственности за первый квартал текущего года привлечены 28 работников, из них 24 – за нарушения пожарной безопасности и четверо за допущенные пожары.

Чтобы как следует подготовиться к чрезвычайным ситуациям, на региональном и линейном уровнях ежегодно проводятся учения и практические занятия по отработке действий при пожарах. С января по март совместно с подразделениями ДЧС МЧС РК проведено 60 учений (при плане 58), из них 15 на спецподвижном составе, 12 – в зданиях, 7 – на локомотивах, 6 – на пассажирских вагонах, 5 – на грузовых, а также на полосе отвода и прочих объектах.

В зоне полос отвода вдоль железнодорожного полотна проведено 9 проверок, 30 онлайн-совещаний с областными и районными акиматами, ДЧС и ДВД на транспорте, в ходе которых определены задачи по обеспечению пожарной безопасности на второй квартал текущего года. Издано 55 аншлагов и плакатов с профилактическими мероприятиями.

В целом работа по предупреждению пожаров на объектах и подвижном составе структурных подразделений компании и дочерних организаций проводится на системном уровне. Следует помнить, что пожар легче предупредить, чем потушить.



Шолпан ОМАРБЕКОВА,  
финансовый директор АО «НК «ҚТЖ»:



ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ  
ПРОВОДИТ ОТКРЫТУЮ  
ПОЛИТИКУ В ОТНОШЕНИЯХ  
С ПОТРЕБИТЕЛЯМИ УСЛУГ  
ДЛЯ ПОВЫШЕНИЯ  
ЭФФЕКТИВНОСТИ СВОЕЙ  
ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

## САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ»  
АҚ-НЫҢ ВАГОН ПАРКИ

2300

АСТАМ ВАГОНДЫ ҚҰРАЙДЫ.

АҚТӨБЕДЕ АШЫЛҒАН  
«ПОЙЫЗДАРДЫ БАСҚАРУ  
ОРТАЛЫҒЫНДА»

250

АДАМ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ.

БҮГІНГІ ТАҢДА

85 км

ЖОЛ КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУДЕН  
ӨТКЕН.



## ERP ЖҮЙЕСІ ЕНГІЗІЛУДЕ

**Ислам ТАЛҒАТ,**  
Нұр-Сұлтан



**Компания ресурсын жан-жақты жоспарлау жүйесі «Қамқор Менеджмент» компаниялар тобына кезең-кезеңмен енгізілуде.**

Бұл жүйе, яғни ERP – өндірісті, адам ресурстарын, қаржы мен активтерді басқару тиімділігін және еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған. ERP жүйесін енгізу қызметі «Қойманы автоматтандыру» модулін іске асыру шеңберінде еліміздегі ірі кәсіпорындардың бірі – Атбасар электровоз жөндеу зауытына енгізу қызметі басталғанын хабарлайды компания өкілдері. Аталған жобаның тиімділігі мен мақсат-міндетін түсіндіру үшін зауытта жұмысшы-қызметкерлердің қатысуымен жиналыс өтіп, цехтардағы жұмыс орындарына тексерулер жүргізіліп, желінің жылдамдығын өлшеу жұмыстары жүргізілген. Сонымен қатар негізгі пайдаланушыларды жаңа жүйеге оқыту жұмыстары қоса жүргізіліп, жобаны жақсарту үшін ескертулер жазып алынды. Сондай-ақ, лауазымдық міндеттерге қатысты өзгертулер түсіндіріліп, процестерді оңтайландыру мысалдары келтірілді. Компания басшылығы жаңа жүйенің тиімділігі өз жемісін беретініне сенімді

*Суретті түсірген автор*



## ЖҮМЫС ПАРКІ – ЖОСПАРҒА САЙ

**Жан ПЕРДЕБЕК,**  
Шымкент



**Қазығұрт станциясындағы вагондардың жұмыс паркi жыл басындағы алғашқы тоқсанды жоспарға сай орындады. Айталық, наурыз айында 18542 вагонды құрап, орта тәулікте 598 вагоннан айналды. Бұл – жоспардан 108 вагонға артық деген сөз.**

Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырсақ, жұмыс паркi 141 вагонға ұлғайған. Онда тәулігіне 457 вагонды құраған. Бұл – наурыздағы бір айдың ғана көрсеткіші. Ал жалпы үш айдың ішінде вагондардың жұмыс паркi 50922 вагонды құрап, орта тәулікте 566 вагонға жеткізілген. Жоспар 92% орындалып отыр. Вагондардың статикалық жүктемесі үш айда тәулігіне 59,3 тоннаны құрап, жоспар 103% орындалған. Ал бір жүк операциясын орындау үшін тұрған вагондардың уақыты үш айда 15,64 сағатқа жеткен. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 0,79 сағатқа азайған. Жергілікті вагондардың тұру уақыты 113 пайыз, 16,77 сағат аялдаған. Бұл да жоспарда көрсетілген 19 сағатты үнеміп, 2,23 сағатқа азайды. Сонымен қатар, Қазығұрт станциясының өз жекеменшік паркiнде тапсырыс болмағандықтан үш айда тұрып қалған вагондар (яғни кіреберіс жолдарда жөнелтілуін күтіп тұрған) саны 26288 вагонға жеткен. Олардың жолда тұрған уақыты үшін 51 603 837 теңге өндірілді. Аталған станцияда өңделген транзитті вагондар да бар. Олардың уақыты жоспардан асып кетіп, 25,67 сағат, яғни 0,67 сағатқа созылып кеткен. Қазығұрт станциясының басшысы Тоқтасын Қалмырзаевтың айтуынша, жыл басынан бері үш айдың ішінде өндіріс қалыпты жүріп жатыр, ешқандай оқиға оқиға, апатты жағдай орын алмаған. «Қозғалыс қауіпсіздігі толық сақталып, пойыздар ақаулары болған жоқ, маневрлік жұмыстар тиянақты жасалуда. Станциямыздың негізгі өндірістік учаскелері, диспетчерлік аппарат, сұрыптау дөңесі, техникалық кеңсе, тауар кассаларының жұмысымен күн сайын танысып отырамын. Мен үшін бастысы – қозғалыс қауіпсіздігі, теміржолшылардың амандығы, олардың еңбегін дұрыс ұйымдастыру. Мұнда барлық жауапкершілікті түсінетін және нәтижелі жұмыс істеуге дайын кәсіби теміржолшылар еңбек етеді. Олардың әрқайсысының тасымалдау қауіпсіздігі мен сенімділігіне үлесі бар», – деді станция басшысы.

*Суретті түсірген автор*

## ЖАЗҒЫ ЖОЛ КҮТІМІ БАСТАЛДЫ



**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**  
Қызылорда

Жол күтімін бабында ұстау мақсатында ақауапқыш арбалардың және МДК кешенді вагонының көмегімен жолдарды тексеріп бақылаудан өткізіп, ақаулы материалдарды алмастырып, белгі беру-байланыс дистанциясымен бірге рельс тізбектерін тексеріп, анықталған кемшіліктерді орнына келтіруде. 2170 дана рельс жалғағышын дәнекерлеу, 680 дана оқшаулағыш түйіспелердің изоляцияланған қаптамаларын ауыстыру жұмыстары атқарылған. АЛСН құрылысының қалыпты жұмысының бұзылуына жол берілмеген. Жол күтімінің 86 бірлікке белгіленген жоспары 63 бірлікпен нәтижеленіп, көрсеткіш 127 пайызға орындалып отыр. Бұл дистанция жолшыларының жұмыс көрсеткіштерінің жоғары екенін дәлелдейді.

Қызылордалық жолшылар өндірістік жұмыс барысында апаттық жағдайларға және оқиға оқиғалардың орын алуына жол бермеген. Дистанцияның техникалық бөлімінің жетекші инженері Ахметқали Елеусінов ұсынған мәліметтерге сүйенсек, жолшылар ұжымы жыл басынан бері пойыздардың телімдерден кідіріссіз өтуін қамтамасыз ете жүріп, әрбір жолшы өзіне тапсырылған жұмыстарды технологиялық талапқа сай орындауда. Дегенмен теміржолшылар үшін «бас ауруына» айналған тақырып – теңіз бойына бөгде адамдар мен иесіз малдан қозғалыс қауіпсіздігіне кедергі азаймай тұрғаны көрініп тұр. Және де мұндай жағдайлар наурыз айындағы мереке күндері жиі орын алғандығы азаматтардың сақтық шараларына аса мән бермейтіндігін байқатады.

Мәселен, өткен жылы үш айда Белкөл-Қызылорда телімінде 2 рет, Қызылорда – Қараөзек телімінде бір рет оқиға жағдай орын алып, нәтижесінде жолға шығып кеткен үш адамның екеуі қаза тапқан еді. Тіркілген жағдайларға қатысты құқық қорғау орындарында іс жүргізіліп, бөгде адамдардың ағзасында ішімдік табылуына байланысты құзырлы органның қаулысымен іс оқиға есебінен алынып тасталған. Алайда, өткен жылы үш жағдай тіркелгенімен, биылғы наурыз айының өзінде 9 жағдай тіркеліп, пойыз машинистері жедел жетегіш қолданған. Тоғыз жағдай-



**ЖОЛ КҮТІМІНІҢ 86 БІРЛІККЕ БЕЛГІЛЕНГЕН ЖОСПАРЫ 63 БІРЛІКПЕН НӘТИЖЕЛЕНІП, КӨРСЕТКІШ 127 ПАЙЫЗҒА ОРЫНДАЛЫП ОТЫР. БҰЛ ДИСТАНЦИЯ ЖОЛШЫЛАРЫНЫҢ ЖҮМЫС КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ ЖОҒАРЫ ЕКЕНІН ДӘЛЕЛДЕЙДІ.**

дың үшеуінде жолға қараусыз мал шықса, 6 жағдайда бейсауыт жүрген адамдар жол үстіне шығып, жылжымалы құрамдардың қозғалысына кедергі келтірген. Жалпы өткен жылы пойыз машинистері 12 рет жедел жетегіш қолданса, биыл пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігіне 19 мәрте кедергі келтірген жағдай орын алған. Дистанция жолшылары иесіз мал мен жанның темір жолға шығып кетуін болдырмау үшін барлық мүмкіндіктерді қолданғанмен кедергі азаяр емес. Жолшылардан құралған арнайы үгіт тобы жергілікті тиісті орган өкілдерімен бірлесіп, тұрақты түрде рейд жүргізіп, тұрғындармен кездесіп, насихат-түсіндіру жұмыстарын жасап жатқанымен жағдайдың оң нәтижесі байқалмауда. Мәселен, қызылордалық жолшылар қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін 4,5 шақырым жол бойына қосымша

бағаналар тұрғызып, сым тартып, жөндеу жұмыстарын қосымша атқарған. – Жыл басынан бері жергілікті тұрғындармен 52 мәрте түсіндіру жиналысы өткізіліп, оған 1956 тұрғын қатыстырылған. Оларға теміржолдың аса қауіпті аймақ екені түсіндіріліп, ҚР кодексінің 439-бабының 1-5 тармақтарынан үзінділер таратылып берілген. Және де Желілік полиция өкілдерімен 32 рет рейд өткізіліп, 54 оқу орнында 3637 оқушыға түсіндіру-танымалық жұмыстары атқарылды, алайда теміржолға қауіп сезілген емес, дегенмен біздер күнделікті жол күтімін жасаумен қатар осындай түсіндіру жұмыстарын әрі қарай да тұрақты жүргізетін боламыз, – деді дистанцияның техникалық бөлімінің жетекші инженері Ахметқали Елеусінов.

*Суретті түсірген автор*

## Көктемгі байқау

### КЕМШІЛІКТЕР КҮРТ АЗАЙҒАН



**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**  
Семей

Жиын барысында айтылып өткендей, көктемгі байқау барысында бөлімше бойынша жалпы саны 1148 ескерту орын алыпты. Нақты сараптамаға сүйенер болсақ, бұл ескертулердің басым көпшілігі қозғалыс қауіпсіздігін сақтау мен техникалық қржатамаларды рәсімдеу бойынша тіркелген. Өрескел ереже бұзу оқиғалары болмағанымен, аталмыш тарапта алдағы уақытта тыңғылықты жұмыс жүргізу қажет. Бұл жайында айтып өткен Сиязбек Әліпбайұлы жүргізілуі тиіс іс-шаралар қатарын да пысықтап өтті. Дегенмен, көктемгі байқау жуырыда ғана анықталғанымен, қазіргі күннің өзінде нақты міндеттемелерді орындау басталып кеткені сөз болды. Мәселен, комиссия мүшелерінің қойған сауалдарына жауап беруден мүдірген желі бойындағы 20 теміржолшы кәсіби білімдерін жетілдіруге жіберілген. Олардың арасында қозғалыс саласы мен

**Шығыстағы Семей ЖТ бөлімшесі бойынша сәуір айының 19 мен 6 мамыр аралығында көктемгі комиссиялық байқау өтті. Өткен аптаның жұма күні бөлімшенің бас кеңсесінде филиал директоры Сиязбек Әлішевтің төрағалығымен селекторлық кеңес болып өтіп, көктемгі сын барысында анықталған фактілер талқылауға түсті.**



жүк тасымалына жауапты он адамның бар болуы басшыларды алаңдатса керек. Сонымен қатар, комиссияның қырына ілінген вагон шаруашылығының 8 теміржолшысы да біліктіліктерін шыңдайтын болады. Сол тәрізді, шалғайдағы станциялардағы жұмыс орындарын жабықтау, теміржолшылар үшін еңбекке қолайлы орта қалыптастыру шаралары да алдыңғы кезекте есепке алынған. Бұл орайда Аягөз-Шар телімі бойындағы бірқатар станциялар, атап айтсақ, Үшбик, Жаңғызтөбе

және №22, 23 жол айрықтарының басшылары сапалы жұмыс жүргізген. Көктемгі байқауға сапалы даярлық жасап, жазғы тасымал жұмысына сақадай сай болған осынау басшылар алдағы уақыттарда бөлімше басшылығы мен кәсіподақ комитетінің сый-құрметіне ие болмақ. Селекторлық кеңес барысында шаруашылық ревизорлары да сөз алып, жүргізілген жұмыстар бойынша баяндама жасап өтті. Бұл орайда өткен жылғы күзгі комиссиялық байқаумен салыстырғанда көптеген шаруашылықтар бойын-

ша жетістіктер бар екені белгілі болды. Мәселен, белгі беру және байланыс шаруашылығы мен жол шаруашылығындағы кемшіліктер бірнеше пайызға төмендеген. Атап айтсақ, электрмен қамту саласы бойынша өткен жылы 254 кемшілік анықталған болса, биылғы жылы оның көлемі 147-ге дейін күрт азайыпты. Жалпы, бұл орайда Семей магистральдық желісі бойынша орын алған кемшіліктер саны өткен жылмен салыстырғанда 523-ке дейін төмендегенін айта кету орынды. Сол тәрізді мекемелердегі өрт қауіпсіздігі, шалғайдағы станцияларды сумен қамту сынды жауапты жұмыстар да сын тезінен өтіп, лайықты бағасын алған. Жиын барысында айтылғандай, желі бойындағы әрбір шаруашылық бойынша оқшау соққан жұмыстарды ширату шаралары қысқа мерзім ішінде қолға алынады. Бұл орайда транзиттік жүк ағыны аса мол шекарадағы Ауыл станциясының басшысы Қарлығаш Раймханова мен жүк тиеуде салмағы басым Белағаш станциясының жас басшысы Ергнат Төлеубаев сынды бірқатар жетекшілердің атқарған жұмыстары алдағы уақыттарда жеке тиянақталатын болады.

*Суреттерді түсірген автор*



РЕМОИТ

## В НАЧАЛЕ БОЛЬШОГО ПУТИ

**В Акмолинском отделении магистральной сети приступили к капитальному ремонту пути. Будет отремонтировано 103,3 километра пути, то есть 19% от запланированного объема на 2021 год по АО «НК «КТЖ».**

**Надежда НОВИЦКАЯ,**  
Кокшетау

По Атбасарской дистанции пути запланирован ремонт в объеме 54,85 километра пути, из которых на сегодняшний день 9,92 километра уже готовы. На перегоне обгонный пункт 80 – Жаксы по Кокшетауской дистанции пути запланирован ремонт в объеме 35,3 километра, а по Астанинской дистанции пути – 13,19 километра пути.

– На участке обгонный пункт 80 – Жаксы произведено спрямление железнодорожного пути кривого участка протяженностью 1 100 метров с переносом 15 опор контактной сети, что позволит поднять скорость движения поездов до 140 километров в час, улучшить плавность хода и минимизировать износ рельсов, – говорит директор филиала АО «НК «КТЖ» – «Акмолинское отделение магистральной сети» Сабит Рамазанов.

Стоит отметить, что весь запланированный объем капитального ремонта пути выполняется на новых высококачественных материалах. К примеру, скрепление к шпалам «фосло», которое разработано в Германии, устанавливается из Турции, шпалы железобетонные для скоростных участков производства ТОО «Магнетик», ТОО «NORD Пром НС» – из Алматы. А это



**“ В АКМОЛИНСКОМ ОТДЕЛЕНИИ МАГИСТРАЛЬНОЙ СЕТИ БУДЕТ ОТРЕМОНТИРОВАНО 103,3 КИЛОМЕТРА ПУТИ, ТО ЕСТЬ 19% ОТ ЗАПЛАНИРОВАННОГО ОБЪЕМА НА 2021 ГОД ПО АО «НК «КТЖ».**

значит, что после проведенного ремонта пути на этих участках повысится скорость для всех видов поездов.

К слову, из общего объема капитального ремонта пути, а именно на 90,15 километра, будет проведен ремонт на участках курсирования поездов с повышенной скоростью – состоящих из вагонов «Тальго».

Фото автора

## ВЕСЕННЯЯ ПРОВЕРКА ПОКАЗАЛА...



ОСМОТР

**В Алматинском регионе проверены 103 отдельных пункта, сделано 842 замечания, из них по ведению технической документации – 321, по безопасности движения поездов – 213, по охране труда – 232, по исполнению должностных обязанностей – 76 замечаний.**

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**  
Алматы

Почти месяц комиссия под руководством директора Алматинского отделения ГП Берика Акчалова, руководства магистральной сети, ревизорского аппарата обследовала станции и малые развязки. За это время провели осмотр пути, стрелочных переводов, служебных и технических помещений, локомотивного и вагонного хозяйств, проверили, как идет оформление вагонов и выдача грузов, работу товарных кассиров.

По итогам проверки отмечено, что еще имеет место формальное отношение отдельных начальников станций и руководителей среднего звена к выполнению



своих должностных обязанностей в обеспечении безопасности движения поездов, недостаточна требовательность к выполнению должностных инструкций и личных нормативов.

В вагонном хозяйстве комис-

сионная проверка показала, что руководителями эксплуатационного вагонного депо не в полном объеме проводится работа по организации обеспечения безопасности движения. Техническая учеба

с работниками ПТО командно-инструкторским составом ведется не на должном уровне (при устном опросе по пройденным темам технических занятий отдельные работники показали слабые знания).

В локомотивном хозяйстве подобная ситуация сложилась из-за недостаточного контроля со стороны руководителей депо и командно-инструкторского состава, а также недостаточных мер дисциплинарного взыскания в отношении локомотивных бригад при грубых нарушениях безопасности движения.

По результатам осмотра проведен оперативный разбор с привлечением к дисциплинарной ответственности работников, допустивших нарушения. Как отметил директор Алматинского отделения грузовых перевозок Берик Акчалов, по всем выявленным нарушениям разработан план корректирующих действий.

В целом весенний комиссионный осмотр в регионе прошел по графику. Отмечена хорошая подготовка ОПТО Актогай и ПТО Бесколь Достыкского эксплуатационного вагонного депо.

Фото автора

## ДЛЯ ДИСПЕТЧЕРСКОГО КОНТРОЛЯ



ТЕХНОЛОГИИ

**Подготовку к установке микропроцессорной системы автоматизированной диспетчерской централизации (МП АСДЦ) проводят работники Защитинской дистанции сигнализации и связи. С ее внедрением в дальнейшем диспетчеры в Алматы смогут контролировать всю поездную обстановку в Восточно-Казахстанском регионе. Подготовительные работы – очень кропотливый и ответственный труд.**

**Ольга УШАКОВА,**  
Усть-Каменогорск

Начальник участка СЦБ Защитинской дистанции сигнализации и связи Владимир Дмитриенко, который на месте руководит монтажными работами по установке оборудования МП АСДЦ и сам принимает в них участие, рассказал, что они проводятся в несколько этапов.

– Мы давно начали эти работы. Сначала в Семее получили 18 шкафов с оборудованием МП АСДЦ – на 18 объектов, – говорит он. – Развезли их по станциям, сначала от Казиевки до Шемонаихи, потом в сторону Риддера, от Кумыстау до Алтая. Один день в Казиевке включали оборудование МП АСДЦ, еще по одному дню ушло на работы по станции Предгорная, Иртышский завод. Там шкафы уже готовы к эксплуатации. Конечно, это оборудование будет еще тестироваться, проверяться. Сейчас дополнительно пришло восемь шкафов для станций Таусамалы (бывшая Огневка), Ермаковка, Новоустькаменогорск и на станции Восточного железнодорожного участка, расположенные в Российской Федерации.

12 мая работники Защитинской дистанции сигнализации и связи привезли шкаф с оборудованием МП АСДЦ на станцию Ермаковка, подключили к нему заранее



подготовленные кабели по адресам, согласно схеме. 13 мая такие же работы провели на станции Таусамалы, 14 мая – на станции Усть-Каменогорск.

– Каждый день мы подключаем объекты, – продолжает Владимир Дмитриенко. – В нашем регионе все станции будут включены в эту систему. Большие станции – Оскемен-1, Новоустькаменогорск, где особенно много работы, мы оставили напоследок. Там уже установили шкафы, прокинули кабели. На станции Оскемен-1 – несколько десятков двадцатипятижильных кабелей, и все это надо подключать. Одна жилка кабеля – это одна лампочка. Здесь работы будет недели на две.

Проводить работы по установке шкафов, оборудования МП АСДЦ придется до-

поздна, причем малыми силами. Например, на станции Предгорная работает старший механик Олег Куприянов, с которым Владимир Дмитриенко вдвоем на трех станциях монтировали оборудование для МП АСДЦ.

– Мы много людей на монтаж не отвлекаем, потому что у нас есть графиковые работы, – говорит Владимир Дмитриенко. – Прервать их и заниматься чисто монтажом не можем. Работа должна идти по графику. Монтаж оборудования на каждой станции занимаются два-три работника Защитинской дистанции сигнализации и связи.

В Защитинской дистанции сигнализации и связи есть производственный план – дорожная карта, в котором расписаны все сроки и виды работ по утверждению принципиальных монтажных схем, составлению дополнений о порядке пользования устройств СЦБ. Поэтапно система МП АСДЦ вводится по всему Казахстану. Сейчас диспетчерские круги из Усть-Каменогорска в связи с ликвидацией Восточно-Казахстанского отделения грузовых перевозок перенесены в Семей – в Семейское отделение грузовых перевозок. Но есть перспектива их переноса в Алматы. Благодаря системе МП АСДЦ у поездных диспетчеров в Алматы будет возможность постоянно контролировать работу всех станций в Восточном Казахстане, всю поездную работу.

Фото Владимира ДМИТРИЕНКО

## С КОМФОРТОМ ДО КУРОРТА

**Айлин БАУРЖАН,**  
Нур-Султан



СЕРВИС

**АО «Пассажирские перевозки» запускает дополнительные летние поезда в направлении курортной зоны Алаколь.**

Так, с 17 июня 2021 года отправлением со станции Семей по нечетным и со станции Достык по четным датам с периодичностью курсирования через день будет запущен пассажирский состав №457/458 сообщением Семей – Достык. Также в этот день начнет курсировать состав №459/460 сообщением Оскемен-1 – Достык. Отправление со станции Оскемен-1 по нечетным, со станции Достык – по четным датам. А уже с 20 июня начнет свое движение поезд №257/258 сообщением Нур-Султан-1 – Достык периодичностью 2 раза в неделю, отправлением из Нур-Султана по воскресеньям и четвергам, из Достыка – по понедельникам и пятницам.

Напомним, что в направлении курортной зоны курсирует поезд №54/53 Нур-Султан – Достык периодичностью 2 раза в неделю, а также на летний период прицепной вагон Нур-Султан – Достык в составе поезда №121/122 Нур-Султан – Семей, беспересадочный вагон сообщением Алматы – Достык в составе поезда №21/22 Кызылорда – Семей с переприцепкой на станции Актогай к поезду №6941/6942 Актогай – Достык.

Всю справочную информацию по графику движения пассажирских поездов можно получить по номеру 105. Жалобы и обращения по качеству сервиса пассажиры могут адресовать через проводника или начальника поезда для принятия мер или обратиться в единый контакт-центр 1433 с указанием даты поездки, номера поезда, вагона и места.

Национальный перевозчик призывает своих пассажиров оформлять проездные документы «онлайн», в том числе через официальный сайт BILET.RAILWAYS.KZ и просит пассажиров соблюдать санитарно-эпидемиологические требования в период распространения коронавирусной инфекции.



## СТАВИМ НОВЫЕ РЕКОРДЫ

**Аслан КУДАБАЕВ,**  
Костанай



ПОГРУЗКА

**На 110,9 процента перевыполнили план погрузки по итогам апреля текущего года в Костанайском отделении грузовых перевозок.**

Как сообщил заместитель директора Костанайского отделения ГП по логистике Ерден Аманов, на апрель текущего года по отделению был задан технический план погрузки 38 400 вагонов. В среднем в сутки по плану должно было отгружаться 1 280 вагонов.

В итоге же план погрузки был перевыполнен на 110,9 процента. Фактически погрузено 2 миллиона 828,8 тысячи тонн. В среднем в сутки отгружалось 1 407 вагонов. Сверх плана погрузено 278,8 тысячи тонн.

В том числе по основной номенклатуре – руда цветная – свыше плана погрузено на 207 тысяч тонн. К факту прошлого года погрузка увеличена на 63,7 тысячи тонн. При плане погрузки зерна на месяц 1 785, погрузено 3 417 вагонов, что выше плана на 1 632 вагона. По сравнению с прошлым годом увеличение на 85,1 тысячи тонн. При плане погрузки на месяц продуктов перемолота 1 171 погрузено 1 524 вагона, что выше плана на 353 вагона. К факту прошлого года увеличение на 22,9 тысячи тонн.

Фото автора

Центральный Совет ОО «Казпрофтранс» выражает глубокие и искренние соболезнования директору департамента организационной работы и информационного обеспечения ЦС Профсоюза Нурпеисову Нурлану Жасулановичу по поводу невосполнимой утраты – кончины отца

**Жасулана Касымовича**

«Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің» кәсіби одағы қоғамдық бірлестігі Қызылорда филиалы мен ардагерлер кеңесінің басшылығы «ҚАЗКӨЛІККӨСП» Орталық Кеңесінің ұйымдастыру жұмысы және ақпараттық қамтамасыз ету департаментінің директоры Нұрпеисов Нурлан Жасуланұлына әкесі

**Нұрпеисов Жасулан Касымұлының** қайтыс болуына байланысты, әулеттеріңіздің орны толмас ауыр қайғысымен бөлісіп, көңіл айтады.

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС «Қызылорда ЖТ бөлімшесі» филиалы және «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің» кәсіби одағы қоғамдық бірлестігі Қызылорда филиалы мен ардагерлер кеңесі басшылықтары бар күш-қайратын теміржол саласының дамуына жұмсап, ел-жұрттың құрметіне бөленіп, шынайы алғысына ие болған «Құрметті теміржолшы» белгісінің иегері

**Абылбеков Бекболаттың** қайтыс болуына байланысты, әулеттеріңіздің орны толмас ауыр қайғысымен бөлісіп, көңіл айтады.

